

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/132703/

Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	5.3 А Мәтінді есептер			
Мектеп:	С.Ерубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі			
Пән мұғалімі:	Әділбекова Ақерке			
Пәні:	Математика			
Күні:	11.01.2023ж			
Сынып: 5	Қатысқаны:	Қатыспағаны:		
Сабақтың тақырыбы:	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	5.1.2.24санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: Білім алушылар санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептермен танысады. Көпшілік оқушылар үшін: Білім алушылар санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептерді талдауды біледі. Кейбір оқушылар үшін: Білім алушылар санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептерді миспаттап бере алады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	I.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. Сабақты жағымды ахуалдан бастау. Оқушыларда бір-біріне болған достық сезімдерін ояту мақсатында «Атом және молекула» әдісі арқылы психологиялық жағдай орнатамын және үш топқа бөлемін. 1-топ 2-топ 3-топ II. Үй тапсырмасын тексеру: Тақтада тапсырма дұрыс жауабымен көрсетіліп тұрады. «Мен саған, сен маған» арқылы оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді.	Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді, өзгеге тіле!» әдісі арқылы бір-біріне тілек айтып, жақсы көңіл күй сыйлайды. Мақсаты: Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.	«Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	Кеспе қағаздар

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>5 минут</p>	<p>II. Жаңа тақырыпты меңгерту Санның бөлігін табу үшін санды осы бөлшекке көбейтеміз. Бөлігі бойынша санды табу үшін бөлшекке сәйкес санды осы бөлшекке бөлу керек.</p> <p>Кез келген a санының бөлігін табу үшін, a санын бөлшегіне көбейтеміз.</p>			<p>5 сынып оқулығы Слайдтар</p>
<p>5 минут</p>	<p>1 тапсырма</p> <p>Тігінші 50м мата сатып алды, 1көйлек тігу үшін матаның 1/10 бөлігі жұмсады.. Қалған матадан қанша көйлек тігуге болады?</p>	<p>Оқушылар жаңа тақырып бойынша тапсырманы орындайды</p>	<p>Дескриптор</p> <p>Санның бөлігін табады-1 балл 1көйлекке кететін матаның шығынын анықтайды-1балл Қалған матаның ұзындығын 1 көйлекке кететін матаның шығынына бөледі-1балл</p>	
<p>5 минут</p>	<p>2 тапсырма</p> <p>Берік мектеп бітіргендеріне 10 жыл толуына орай сыныптастарымен футболдан жарыс береміз деп келісті. Жарысқа жалпы 120мың тг бөлінді, оның ішінде 30мың тг кубок, медаль алуға кетсе, қалған ақшаны 1, 2, 3 орын алған командаларға бөліп беруге келісті. Қалған ақшаның 1/3 бөлігі екінші орынға берілетін болды. Бірінші және екінші орынға қаншадан береміз деп жатқанда Арман қалған ақшаның 2/6 бөлігін үшінші орынға берейік деді. Әр командаға қанша ақшадан үлестіріп берілді?</p>	<p>Оқушылар топтасып отырып жұмыс жасайды</p>	<p>30мың теңге 120мыңның қандай бөлігі екенін табады-1балл Қалған ақшаның 1/3 бөлігін есептейді-1балл 60мың теңгенің 2/6 бөлігін есептейді-1балл Әр команданың алған үлесін табады-1балл</p> <p>Әр дұрыс тапсырмаға-1балл а</p>	
<p>5 минут</p>	<p>3 тапсырма Жеке жұмыс.</p> <p>Санның бөлігін табыңыз.</p> <p>1. 32 санының $\frac{1}{4}$ бөлігін.</p> <p>2. 15 санының $\frac{3}{5}$ бөлігін</p> <p>3. Адам массасының $\frac{13}{20}$ і су. Массасы 75 кг адам денесінде қанша су бар?</p> <p>4. Сыныпта 30 оқушы бар. Оның $\frac{3}{5}$ і қыздар. Сыныпта неше қыз бар?</p>	<p>Берілген есептің мәтіні бойынша санның бөлігін табады</p>		<p>5 сынып оқулығы</p>
<p>3 минут</p>	<p>Сергіту сәті.</p> <p>«Алма, шие, өрік, банан»</p>	<p>Оқушылар орындықтарды шеңберлей орналастырып жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «Шие!» деп, не «Алма, өрік!» деп, немесе «Алма, шие, өрік, банан!» деп), сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын атайды.</p>	<p>Оқушының белсенділігіне қарай өте жақсы, Жарайсың, Талпын деген қолдау сөздер айтылады</p>	<p>Жемістердің суреттері</p>
<p>10 минут</p>	<p>Топтық жұмыс</p> <p>1 топ. Астық сақтайтын қоймадан бірінші күні астықтың $\frac{4}{25}$ сін, екінші күні қалғанының $\frac{1}{4}$ ін сатқанда, онда 62т астық қалды. Қоймада жалпы қанша астық болған?</p> <p>2 топ</p> <p>Оқушы бірінші күні кітаптың $\frac{1}{8}$ ін, екінші күні қалғанының $\frac{2}{7}$ сін оқыды. Сонда оқушының оқыған беттері оқымаған беттерінен 18бет кем болды. Кітапта барлығы неше бет болған?</p> <p>3 топ</p> <p>Жасулан көрші ауылға дейінгі қашықтықтың $\frac{2}{5}$ сін жүріп өткенде екі ауылдың ортасына дейін жету үшін тағы 4,3км жүру керек еді. Екі ауылдың арасы қанша?</p>	<p>Оқушылар орындықтарды шеңберлей орналастырып жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «Шие!» деп, не «Алма, өрік!» деп, немесе «Алма, шие, өрік, банан!» деп), сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын атайды.</p> <p>Оқушылар тапсырмаларды топпен орындайды. Есептің орындалу жолын түсіндіреді Жауабын дұрыс көрсетеді</p>	<p>Дескриптор Тиісті сандарды табады-1балл Санның бөлігін табады-1балл Есептің шешуін табады-1балл</p>	<p>5 сынып оқулығы Слайдтар Суреттер</p>

Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 минут	« Еркін микрофон » әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	« Жапондық бағалау » әдісі арқылы бағалайды. Яғни « <i>Дұрыс келісемін</i> », « <i>Толықтырамын, басқа көзқарасым бар</i> », « <i>Менің сұрағым бар</i> ». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	
	Үй тапсырма: №314			

Тексерілді: _____

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.